Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың дұрыстығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда ұсынылған барлық ақпарат шынайы және эмитентке және оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялардың айналысы кезеңінде Эмитент Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпараттың ашылуын қамтамасыз етеді.

Нұр-Сұлтан қ., 2020 ж.

1. Осы облигациялар шығарылымы «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») жетінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

- 2.1. Облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні: Эмитенттің жетінші облигациялық бағдарламасы проспектісін мемлекеттік тіркеу жетінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың бірінші шығарылымы проспектісін мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.
- 2.2. Шегінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі: 500 000 000 000 (бес жүз миллиард) теңге.
- 2.3. Облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың барлық алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша жеке):
Эмитент облигацияларының осы шығарылымы Эмитенттің жетінші облигациялық бағдарламасы шегінде бірінші болып табылады.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

- 3.1. Облигациялар түрі:
Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар.
- 3.2. Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шамада болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):
Облигациялардың номиналды құны белгіленген шамада болып табылады және 1 000 (бір мың) теңгеге тең.
- 3.3. Облигациялар саны:
130 000 000 (жүз отыз миллион) дана.
- 3.4. Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:
130 000 000 000 (бір жүз отыз миллиард) теңге.
- 3.5. Облигацияның номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) облигациялар бойынша есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:
Барлық төлемдерді (сыйақы және негізгі қарыз сомасының төлемдерін) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырады.
Егер, Облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша қарыздың және/немесе есептелген сыйақының негізгі сомасын төлеу Облигация ұстаушысында Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен ашылған банк шоты болған жағдайда теңгемен жүргізіледі.
Төлем жүргізу кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе Еуроға) айырбастауға Эмитент тиісті төлем жасалатын күнге дейін 5 (бес) күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигация ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау төлем жасалған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе Еуроға) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигация ұстаушысының есебінен жүргізіледі.
Қазақстан Республикасының резиденті – Облигация ұстаушысының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.
Эмитенттің айырбастау кезінде пайда болатын шығындары Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигация ұстаушыға аударылуы тиіс сомадан ұсталады.

4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:

Осы шығарылымның облигацияларының төлемі қолма-қол ақшасыз түрде ақшамен жүргізіледі.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

5.1. *Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):*

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде белгіленген болып табылады және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген мамандандырылған сауда-саттықтарды (бұдан әрі - «Алғашқы өткізілген сауда-саттық») өткізу қорытындылары бойынша анықталатын болады.

Эмитент облигациялар айналысының басталу күні және купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің мөлшері туралы ақпаратты Эмитенттің www.kdb.kz корпоративтік интернет-ресурсында және www.kase.kz «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның интернет-ресурсында жариялайды.

5.2. *Сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні* : Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айналысы басталған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

5.3. *Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:*

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялар айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу Облигациялар айналысының барлық кезеңі ішінде жүргізіледі және Облигациялар айналысының соңғы күні аяқталады.

5.4. *Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:*

Сыйақы, оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғаларға (Эмитенттің орталық депозитарийінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі - «Тіркеу күні») төленеді. Сыйақы төлеу Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде Тіркеу күні тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақшаны (теңгемен) аудару арқылы жүзеге асырылады. Төлем күнгі сыйақы облигациялардың номиналды құны мен купондық сыйақының жарты жылдық ставкасының көбейтіндісі ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады. Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5.5. *Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:*

Облигациялар бойынша сыйақы төлемі жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айналыс мерзімі ішінде айына 30 (отыз) күн уақытша база есебінен жүргізіледі.

6. **Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.**

7. **Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.**

8. **Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:**

8.1. *Облигацияларды орналастыру басталған күн:*

Облигацияларды орналастыру басталған күн Облигациялар айналысының басталған күні болып табылады.

8.2. *Облигацияларды орналастыру аяқталған күн:*

Облигацияларды орналастыру аяқталған күн Облигациялар айналысының соңғы күні болып табылады.

8.3. *Облигацияларды орналастыру жоспарланып отырған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):*

Облигацияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастыру

жоспарлануда.

9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:

9.1. Облигациялар айналысы басталған күн:

Облигациялар айналысы басталған күн «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықтарды өткізу күні болып табылады.

Облигациялар айналысы басталған күн туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында (www.kase.kz) жарияланады.

9.2. Облигациялар айналысы аяқталған күн:

Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін.

9.3. Айналыс мерзімі:

Облигациялардың айналыс мерзімі облигациялар айналысы басталған күннен бастап 5 (бес) жылды құрайды.

9.4. Облигациялар айналысы жоспарланатын нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):

Эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығында айналыста болады.

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:

10.1. Облигацияларды өтеу күні:

Облигациялар облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде өтеледі.

10.2. Облигацияларды өтеу тәсілі:

Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу Облигация ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес Облигация ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылатын болады.

10.3. Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнды төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге мүлдіктік құқықтармен жүргізілсе, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және аталған құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың көшіуін іске асыру тәртібінің сипаттамасы келтіріледі:

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлдіктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

11.1. Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:

Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Эмитент Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында) және сатып алу күні Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен айқындалады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент оларды қайта сата алады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигациялар сатып алынатын Облигациялар ұстаушылар құқықтарының бұзылуына әкеп соқтырмауы тиіс.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент осындай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сатып алуды жүргізеді. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі облигацияларды ұстаушылардың назарына Директорлар кеңесі осындай шешімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық хабарламаны Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийдің

(www.dfo.kz) ресми корпоративтік интернет-ресурстарында орналастыру арқылы, Эмитенттің ішкі актілерімен, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте жеткізіледі. Хабарламада сатып алу тәртібінің, талаптарының сипаттамасы және Облигацияларды Сатып алу жүргізілетін күні көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды сатып алуды жүзеге асырғаннан кейін орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) облигациялардың саны туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ Эмитенті «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес ашады. Облигациялар айналысының барлық кезеңі ішінде Эмитент Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигацияларды жою мақсатында сатып алуды (бұдан әрі – «Жою мақсатында сатып алу») жүзеге асыруға құқылы.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды жою мақсатында сатып алу туралы шешімді қабылдаған жағдайда, Эмитент Облигациялар ұстаушыларына Директорлар кеңесі осындай шешімді қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаны Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийдің (www.dfo.kz) ресми корпоративтік интернет-ресурстарында орналастыру арқылы, Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте хабарлайды. Хабарламада сатып алу тәртібінің, талаптарының сипаттамасы және Облигацияларды жою мақсатында сатып алу жүргізілетін күні көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды жою мақсатында сатып алу Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Облигацияларды жою мақсатында сатып алу күнінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде сатып алу күніне жинақталған сыйақыны теңгемен бір мезгілде төлеп, номиналды құны бойынша жүзеге асырылады. Облигацияларды жою мақсатында сатып алған кезде жою мақсатында сатып алу күнінің алдындағы күннің басындағы жағдай бойынша Облигациялар ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалар номиналды құнды және жинақталған купондық сыйақыны алуға құқылы. Эмитенттің облигацияларды сатып алу немесе жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдауы Облигациялар ұстаушыларда Эмитентке тиесілі Облигацияларды сату міндеттемесінің туындауына себеп болып табылмайды.

Егер Эмитент барлық Облигацияларды бағалы қағаздардың қайталама рыногында сатып алса, Облигациялар шығарылымын жою туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Егер Облигациялар ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, облигациялардың номиналды құнын және Облигациялар бойынша жинақталған сыйақыны төлеу Облигациялар ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүргізіледі.

Төлем жүргізу кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе Еуроға) айырбастауға Эмитент тиісті төлем жасалатын күнге дейін 5 (бес) күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигация ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау төлем жасалған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе Еуроға) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигация ұстаушысының есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының резиденті – Облигация ұстаушысының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Эмитенттің айырбастау кезінде пайда болатын шығындары Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигация ұстаушыға аударылуы тиіс сомадан ұсталады.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда мыналар көрсетіледі:

12.1. Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Эмитент:

- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеуге;
- Облигациялар эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингілік шартта белгіленген Облигациялар эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуге міндеттенеді.

12.2. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің іс-қимылдар тәртібі:

Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңда және осы шарттарда көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларының назарына осы бұзушылық туралы ақпаратты бұзушылықтың пайда болу себептерін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толық сипаттай отырып, тиісті хабарламаны Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийдің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы жеткізіледі. Облигация ұстаушыларынан сатып алу туралы бірінші жазбаша талапты алған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе қандай шаманың ең үлкен болуына байланысты Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алу туралы шешімді қабылдайды.

Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу күні туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Облигация ұстаушыларын Облигацияларды алдағы сатып алу күні туралы Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийдің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етеді.

Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу Облигация ұстаушыларынан Облигацияларды сатып алу туралы бірінші жазбаша талап алынған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Сатып алу Облигация ұстаушылары берген жазбаша өтініштері негізінде ғана жүргізіледі.

12.3. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылардың іс-қимылдар тәртібі:

Осы талаптармен көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған және/немесе Эмитенттен осындай бұзушылық туралы ақпарат алынған жағдайда, Облигация ұстаушылардың кез келгені хабарланған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Эмитенттің өзіне тиесілі Облигацияларды жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе шаманың қайсы ең үлкен болуына байланысты Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша Эмитентке тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы тиісті талап беру арқылы сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигация ұстаушысы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді: заңды тұлға үшін:

- Облигация ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген органы; тұрғылықты жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигация ұстаушылардың осы талаптарда көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.

13. Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайтын болып табылады.

14. Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

17.1. *Эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:*

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат Эмитенттің кредиттік-инвестициялық қызметін қаржыландыруға бағытталатын болады. Купондық сыйақыны және номиналды құнды өтеу Эмитенттің кредиттік-инвестициялық қызметті жүзеге асыруы нәтижесінде түскен қаражаттан жүргізілетін болады.

Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны жоспарлы бөлуде өзгерістер болуы мүмкін жағдайлар туындаған кезде, Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Жетінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісіне тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізетін болады.

17.2. *Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде облигация ұстаушы өкілімен жасалған шарттың талаптарына сәйкес оның қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі:*

Қолданылмайды. Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

18. Төлемі Эмитент бұрын орналастырған (Эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен жүргізілетін, айналыс мерзімі өткен облигацияларды шығару кезінде осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:

Облигациялардың төлемі Эмитенттің бұрын орналастырылған облигациялары бойынша талап ету құқықтарымен жүзеге асырылмайды.

19. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:

19.1. *Эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша белгіленген облигациялардың номиналды құнының пайызын немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқықтары:* Облигация ұстаушылардың құқықтары:

- шығарылым шарттарында көзделген мерзімде Эмитенттен облигацияның номиналды құнын алуға, сондай-ақ ол бойынша шығарылым шарттарында белгіленген мерзімде облигацияның номиналды құнының тіркелген пайызын алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарымен көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;
- осы шарттарда белгіленген жағдайларда облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуды мәлімдеуге құқылы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

19.2. *Осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы:*

Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер туындаған кезде, Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде (i) Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпаратты; (ii) Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигациялар ұстаушылардың ықтимал іс-қимылдарын аударуды; (iii) эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты қоса алғанда, облигация ұстаушылардың облигацияларын сатып алу туралы хабарламаны Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийдің (www.dfo.kz) ресми сайттарында жариялау арқылы хабарлайды.

Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалар басталған кезде Облигация ұстаушылардың кез келгені тиісті хабарлама бірінші жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап жіберу арқылы (Эмитенттің орналасқан мекен-жайы бойынша) өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент, осындай талапты алған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кеш болмауы тиіс сатып алу күнін белгілейді және Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийдің (www.dfo.kz) ресми сайттарында тиісті хабарламаны жариялау арқылы Облигация ұстаушылардың Облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабарлайды.

Бұл ретте, Эмитенттің облигацияларын сатып алу келесі бағалардың ең жоғарғысы бойынша жүзеге асырылады:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша;
- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптарын бермеген облигациялар осы шарттарда көзделген тәртіппен Облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

19.3. Өзге құқықтар:

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға құқықтан туындайтын өзге құқықтар

20. Эмитент облигациялары бойынша дефолтты жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

20.1. Эмитент облигациялары бойынша дефолтты жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:

Дефолт - Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі - «Дефолт оқиғасы») осы талаптарда көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімі аяқталғаннан кейін Эмитенттің Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамау болып табылады.

Эмитенттің Жетінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісінде белгіленген мерзімде сыйақыны және (немесе) Облигацияның номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуін мүмкін етпейтін, Эмитенттің облигация ұстаушының банктік шот деректемелерінің шынайы емес немесе толық емес деректемелерін алу нәтижесінде болса немесе «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімде облигация ұстаушының тізілімін бермесе, облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

20.2. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент

қолданатын шаралар, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары:

Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Эмитент облигация ұстаушылардың пайдасына ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне сүйене отырып есептелетін әрбір кешіктірілген күн үшін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент Жетінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісі бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп алдын ала болжауға немесе алдын алуға болмайтын жағдайлар (дүлей құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің Жетінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісі бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне тең жылжытылады.

Эмитент Дефолт оқиғасының басталуы туралы ақпараттық хабарлама бірінші рет жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде, облигация ұстаушылардың жазбаша өтініштерін, немесе сатып алуға мәлімделген облигациялар санын көрсетіп, жиналған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен облигацияларды сатып алу туралы облигациялар бойынша талап ету құқықтарын (облигациялар бойынша талап ету құқықтары) қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт оқиғасының басталуы туралы ақпараттық хабарлама бірінші жарияланған күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Эмитент облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мәселелер енгізілуі тиіс, ол облигациялардың көлемін не ұстаушылардың сатып алуға мәлімдеген облигациялар бойынша талап ету құқықтарын және (қажет болған жағдайда) облигациялар шығарылымының проспектісіне ықтимал өзгерістер жобасын ескере отырып жасалуы тиіс.

Егер облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмей, Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруі мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ егер Эмитент борышкер кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамамен көзделген мерзімде, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және облигация ұстаушылардың алынған жазбаша талаптарымен облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған болса, Эмитент пен облигация ұстаушылардың бұдан кейінгі әрекеттері немесе облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияның оны ұстаушысына беретін құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигация ұстаушыларымен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде Облигация ұстаушыға берілетін құқықтарды ескере отырып, кредиторлардың келісімімен Директорлар кеңесі қабылдайды.

20.3. *Эмитенттің облигация ұстаушыларына орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушыларының ықтимал іс-қимылдарын атау, облигация ұстаушыларының Эмитентке, Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше*

орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талаппен жүзгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы орын алған кезде Эмитент Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай ақпарат түрі үшін және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелерінде көзделген мерзімде Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.kdb.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) корпоративтік интернет ресурстарында, сондай-қ, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қаржылық есептілік депозитарийдің (www.dfo.kz) корпоративтік интернет-ресурсында тиісті хабарламаны жариялау арқылы Облигация ұстаушыларына Дефолт оқиғасы туралы хабарлайды. Хабарламада:

- i. дефолт фактісі туралы ақпарат;
- ii. дефолт туындаған күніне Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- iii. Дефолт оқиғасының туындауына әкелген міндеттемелерді орындамау себептері;
- iv. Облигация ұстаушылардың Эмитентке талаппен айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарының тізімі;
- v. Дефолт оқиғасының туындауына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қолданған немесе қолданатын шаралар;
- vi. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат болуы тиіс.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген. Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиялық жауапкершілікте болатын тұлғалар - жоқ.

21. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы:

Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы проспектіге №1-қосымшада берілген.

22. Эмитенттің облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Облигация ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметін пайдаланбай дербес жүзеге асырады.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімінде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу бойынша міндет белгіленген жағдайда):

24.1. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімінде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

Эмитенттің облигациялар шығару жөніндегі қаржы кеңесшісі және андеррайтері «Halyk Finance» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Halyk Finance») болып табылады. Halyk Finance бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген 2016 жылғы 4 қарашадағы № 3.2.229/7 лицензиясы бар.

24.2. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімінде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, А05А1В9, Алматы, Абай даңғылы, 109 В, 5-қабат.

Телефон нөмірі: +7 (727) 357 31 77.


24.3. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімінде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғамен жасалған шарттың күні мен нөмірі:

19.05.2020 ж. №н/ж қаржылық кеңес беру және андеррайтинг бойынша қызмет көрсету туралы шарт.

24.4. Егер, Эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету Эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, Эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер осы тармақта көрсетіледі.

Эмитент облигацияларды шығару кезінде өзге консультанттарды тартқан жоқ.

Басқарма төрағасының орынбасары



Д.Ю. Бабичев

№1-Қосымша

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің болжамы (мың теңге)

Күні	2020 жылдың		2021 жылдың		2022 жылдың		2022 жылдың		2023 жылдың		2023 жылдың		2024 жылдың		2024 жылдың		2025 жылдың	
	1-жарты	2-жарты	1-жарты	2-жарты	1-жарты	2-жарты	1-жарты	2-жарты	1-жарты	2-жарты	1-жарты	2-жарты	1-жарты	2-жарты	1-жарты	2-жарты	1-жарты	2-жарты
Депозиттері	174,31	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Кредиттік портфель бойынша ағынның жиыны	77,86	248,98	171,54	166,48	171,95	249,76	161,72	186,66	186,66	161,72	160,61	170,88	145,02	139,30	145,02	145,02	145,02	139,30
Қарыз портфелі бойынша ағынның жиыны	-90,37	-184,74	-94,80	-82,53	-105,71	-635,49	-183,41	-81,77	-81,77	-183,41	-108,56	-154,98	-143,45	-70,72	-143,45	-143,45	-143,45	-70,72
Инвестициялық портфель бойынша ағынның ағылдағы жиыны	0,22	29,47	14,05	2,93	6,75	2,89	5,51	5,34	5,34	5,51	2,83	7,01	9,53	2,51	9,53	9,53	9,53	2,51
Өзге активтер бойынша ағынның жиыны	0,01	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
ЖӘШ, КТС бойынша және НҚ мен МЕА сатып алу бойынша жылыстау	-1,23	-10,10	-3,90	-12,40	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Ағынның жиыны	252,40	278,47	185,61	169,43	178,72	252,67	167,25	192,02	192,02	167,25	163,44	177,89	154,55	141,81	154,55	154,55	154,55	141,81
Жылыстау жиыны	-91,60	-194,84	-98,70	-94,94	-105,71	-635,49	-183,41	-81,77	-81,77	-183,41	-108,56	-154,98	-143,45	-70,72	-143,45	-143,45	-143,45	-70,72
ТАЗА ГЭП - ПОЗИЦИЯ	160,79	83,63	86,91	74,50	73,01	-382,81	-16,16	110,25	110,25	-16,16	54,88	22,91	11,09	71,09	11,09	11,09	11,09	71,09
КУМУЛЯТИВТІ ҚАЛДЫҚ (+) / АЛШАҚТЫҚ (-)	160,79	244,42	331,33	405,82	478,84	96,02	79,86	190,11	190,11	79,86	244,99	267,91	279,00	350,09	279,00	279,00	279,00	350,09

[1] Оның ішінде корреспонденттік шоттардағы және «кері РЕПО» операциялары бойынша ақша қаражатының қалдықтары есепке алынады.

[2] Осы болжамдар Шоғырландырылмаған негізде 01.05.2020 жылға өтімділік деңгейі туралы есеп негізінде есептелген.

[3] ЖӘШ, КТС бойынша және НҚ пен МЕА сатып алу бойынша жылыстау 2021 жылға дейін әзірленген Даму жоспарынан алынды.



[Handwritten signature in blue ink]

«"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«Республиканское государственное учреждение "Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка"»

Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций

Дата выдачи: 24.06.2020 г.

Номер: KZ73VNA00000663

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка произвело государственную регистрацию первого выпуска облигаций в пределах седьмой облигационной программы Акционерного общества «Банк Развития Казахстана» (Республика Казахстан, Z05T3E2, город Нур-Султан, район Есиль, проспект Мәңгілік Ел, здание 55А, н.п. 15), бизнес-идентификационный номер 010540001007. Выпуск разделен на 130 000 000 (сто тридцать миллионов) купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN) KZ2C00006864. Номинальная стоимость одной облигации 1000 (одна тысяча) тенге. Объем выпуска облигаций составляет 130 000 000 000 (сто тридцать миллиардов) тенге.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна

